

Абайлаңыз, балалар!

Балалардың қатысуымен болатын жол қозғалысы оқиғаларының ең негізгі себептері: жолды белгіленбеген жерден жақын жүріп келе жатқан көліктің алдынан қиып өту, жол қиылыстарында ойнау, тоқтап тұрған автокөліктің алды-артынан өту, велосипед мініп, жол қозғалысы ережелерін бұзғандықтан және жол қауіпсіздігі ережелерін сақтамағандықтан туындайды. Балаларды жол-көлік қозғалысынан жарақат алудың алдын алу мақсатымен, сонымен қатар жолдар мен көшелерде қауіпсіз мінез-құлыққа байланысты дағдыларды бекіту, тұрғылықты жері мен оқу орындарында көлік ортасына балалар мен жасөспірімдерді бейімдеу үшін жаңа оқу жылының алғашқы күндерінен бастап №6 Хромтау гимназиясында қыркүйектің 1-нен 8-не дейін «Абайлаңыз, балалар!» атты жедел профилактикалық іс-шарасы өтті. Шара мақсаты – қоғамның назарын аудару, көлік жүргізушісінің қауіпсіздік белдігін тағуы және автокөлік салонында балаларды тасымалдау барысында балаларды ұстап тұратын құрылғының болуы, сонымен қатар балалар мен ересектердің көлік қозғалысына баса назар аударуын қалыптастыру. Осы орайда ақпараттық бұрыш дайындалып, барлық сыныптарда сынып сағаттары болып өтті. Жоғары сынып білім алушыларына дәріс оқылды.





Дайындаған: Жасаганбергенова Б.И
Тел:59566